

**«Ы. АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ТАҒЫЛЫМ:
ТАРИХИ ӨЗЕГІ, ТАНЫМДЫҚ ӨРІСІ, ЗАМАНАУИ ӨРНЕГІ»
Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
к 180-летию Ы.Алтынсарина

**«ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ИДЕИ Ы. АЛТЫНСАРИНА:
ИСТОКИ, РАЗВИТИЕ, СОВРЕМЕННОСТЬ»**

Қостанай, 2021

Тапашев М. – ф. ф. к., доцент,

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ.

Мақалада «Мәңгілік ел» идеясының қайнар – бастауларына, арғытүп белгілерінежіті назар аударылып, жан – жақты талдау жұмыстары жасалған. Көне дәуірден бастау алатын мәңгілік ел идеясының жыраулық, ақындық поэзияда сабақтаса жалғасуының ерекшеліктері жүйелі қарастырылған. Түркі әлемінде құбылыс болған тұлғалардың ой – пікірлері мен

қазақтың ақын – жыраулары қалдырған ой – толғам, философиялық түйіндер бір өркениеттің, нақтырақ айтқанда, қазақтың өмір сүру ғұрпы қалыптастырған бір дүниетанымның жемісі екендігі дәлелденеді. Ұлттық идеяның алғышарттарын негіздейтін мәңгі ел болу идеясының кәмелеттену жолының күретамыры болғандығы нақтыланады.

Түйінді сөздер: жырау, ақын, дәстүр, ел, идея, тақырып.

Қазақ мемлекеті өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан күннен бастап арғы бабаларымыз көне түркілердің көксеген армандарын жүзеге асыру мақсатымен «Мәңгілік ел» идеясын берік ұстанып келеді. Тәуелсіз қазақ мемлекеті ұлы даланың мұрагері, көк түріктердің тікелей ұрпағы ретінде «Мәңгілік ел» идеясын жаңғыртуы – заңдылық әрі патриоттық парыз. ҚР-ның тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халқына арнаған кезекті жолдауында: «Мәңгілік ел ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» [1,24], – деген еді. Демек, «Мәңгілік ел» идеясы тәуелсіз қазақ мемлекетінің нық қағылған қазығы, ұлттың болашағына бағдар болар жасампаз озық ой. Бір кездері жарты әлемді ұсынып ұстаған көк түріктер империясы ту етіп көтерген, абыз Тоныкөк, ұлы қаған Күлтегін негізін қалаған, мәңгі ел құндылығы бүгін, міне, осылайша қазақ мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Бұны бүгінгі қазақ елімен мәңгі жасауы тиіс идея деп түсінген дұрыс. «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» [2,54]. Мұны мемлекеттің ішкі және тысқы саясатынан туындайтын қауіп-қатерге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс қабілетін күшейту деп түсінуге болады. Тоныкөк жазуында мемлекеттің ғұмырлы болуы үшін ел тізгінін ұстағандар мен халықтың бірлігі, сөз бен істің жарасым табуы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Күлтегін, Тоныкөк, жазуларындағы ой-идеялардың үзілмеген желісі сан ғасырды артқа тастап біздің заманымызға жетті. Көне түркінің өркениеті руна жазбаларында елін қорғау, мемлекетті күшейту, нәсілдің құрып кетпеуі қысқа, нақты ой-түйіндермен нақтыланады. Елдік мұрат, ерлік дәстүр, сондай-ақ, бұл жазбаларда мемлекет құру, ел басқару ісіне дейінгі ұстанымдар баяндалады. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда қазақтың ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Көрнекті ғалым А.Егеубаев: «Құтадғу білік» дастанының Орхон-Енисей жазбаларымен де тамырластығы және XIV–XV ғасырлардағы қазақ жырауларының үрдісімен, классикалық қазақ әдебиеті үлгілерімен сабақтастығы өркенді әдеби арнасын танытады» [3,124], – дейді. Демек, қазақ ақын-жырауларын Орхон ескерткіштеріндегі ой-пікірлермен байланыстыратын идеялық бірлік бар. Ол өз елін, өз жерін шет басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы. Бұл идея уақыт сұранысына қарай сабақтастық тауып, келер күндердің рухымен үндесіп, өлең-жырдың өзегіне алынып елді. Қазақтың данагөй жырауы Асан қайғы қазақ жерін құтты мекенге, жерұйыққа айналдыруды арман етіп, сол үшін жанын да аямағаны тарихтан белгілі. Ол мәңгі ел болу жолында аянбай тер төгіп, тәуелсіздік үшін күресті. Келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін ортақ құндылыққа өлшеусіз үлес қосты. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін елдің бірлігін мығым ете түсетін біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт-бағдар, мақсат-мұрат болу керектігін түсінді. Мақсаты айқын, рухы биік, жасампаздыққа жаны құштар, ертеңіне сеніммен қарайтын халық ғана тарихта «Мәңгі ел» болып қалатынын жырлаудан танбады. Елдің бірлігін сақтауды көздеп, халықтың қамқоры бола білді. Е.Ысмайлов: «Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, көбінесе, заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып

отырған», [4,125]. – дейді. Демек, Асан қайғының ой-толғамдары, оның ұлттық рух пен елдік сананы жаңғырту идеясы қазірдің өзінде де күшін жойған жоқ. Ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу тұрғысынан оның мұрасы өз мәнділігін жоғалтпақ емес. Қазақ жұртына құтты мекен – Жерұйық іздеген Асан қайғымен Бұқарға дейінгі рухани кеңістікті мәңгілік ел сарыныбайланыстыратыны анық. Дешті қыпшақ даласының данышпаны Асан қайғының өмір, заман, адам, ел туралы тұжырымдамасын жинақтап елтану дастаны деуге болады. Оның ой-идеялары көк түріктердің көсемі Тоныкөк ұсынған мәңгілік ел идеясындағы философиялық түйіндер бір өркениеттің, дәлірек нақтылағанда, арғы бабаларымыздың өмір сүру ғұрпы қалыптастырған бір дүниетанымның жемісі. Ел, қоғам туралы ой-толғамдар Қазтуған, Шалкиіз, Бұқарлардың шығармаларында да бір арнада тоғысып отырады. Олардың дәстүрлі дүниетанымы халқына «Жер ұйық» іздеген Асан қайғының жер тұтастығы, ел тәуелсіздігі толғаулы ойпікірлерімен үйлесім тауып, ұлттық идеология дережесінде теориялық тұрғыдан үндеседі. Жалпы, жыраулардың шығармаларында халқымыздың тыныс-тіршілігіне, елдік салт-санасына жасалған түйіндеулердің өзегі Тоныкөк ұсынған «Мәңгілік ел» идеясында жатыр.

Ел тағдырына, оның болашағына алаңдаған ақынның бірі – Дулат Бабатайұлы. Ол өз өлеңдерінде қазақ қоғамының бар шындығын еш бүкпесіз, айна-қатесіз көрсетті. Ресейдің отарлау саясатының асқынып, бұрынғыдан да күшейе түскенін барынша шыншыл бейнеледі.

Батыстан патша түнегі,
Жеріңе келіп, түнеді.
Ішіңе әбден енеді,
Жоныңнан таспа тіледі,
Мұны да Дулат біледі.

Қоғамның кескін – келбетін, отарлау саясатынан туындаған қайғы мен қасіреттің зардабын терең ұғынған Шортанбай да ұлт мүддесі үшін терең толғанды.

Өз халқының тағдырын ойлап, қатты қамықты. «Тар заман», «Опасыз жалған», «Бала зары», «Зар заман» сияқты өлеңдерінде дәуір дидарын дұрыс танып, уақыт туындатып отырған мәселелерді орынды көтере білген Шортанбайдың рухани келбетінен Дулат ақынның бар болмысы мен арман – мүддесі жаңғыра көрінді. Ол да Дулат ақын секілді ата-қоныстан айырылып қалмаудың қажет екенін айтып, халықты бірлікке, ынтымаққа үндеді. Қазақтың тәуелсіздікке қол жеткізіп, өзінің ұлттық «Менін» жоғалтпай өмір сүруін армандап өткен Шортанбай, Дулат шығармалары ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде ұлттық мүддеге қызмет жасай береді. Әрі бұл ақындардың шығармалары дәстүрлі

қазақ қоғамының сонау жыраулардан бері қалыптасқан болмысының бұзылмауына ықпал етті. Олардың өлең-жырларын – елдің тағдыры туралы ой-толғамдар деуге болады. Дулат, Шортанбай өлеңдеріндегі «зар заман» идеясы көркемдік дамуда өзгеше сипат иеленді. Бұл ұлттық сананың серпіліп, халықтың рухани оянуына септігі тиді. Олардың шығармалары қазақ қоғамындағы рухани өзгерісіденістермен, қазақы идеялардың өркендеуімен сабақтасып жатты. Дулат, Шортанбайлардың өлеңжырына арқау болған тақырыптар ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғұмыр кешкен Мұрат, Нарманбет, Мөшһүр Жүсіптердің шығармашылығында жалғасын тапты. Бұл ұқсастық тақырыптық-идеялық ізденістері тұрғысынан жақсы байқалды. Тәуелсіздікті үзбей жырлау ұлттық идея мен ұлттық идеологияның маңызын арттыра түсті. Халықтың азаттық үшін күрестегі тағдырын жырлау дәстүрге айналды.

Ұлтының тұрмыс-тіршілігін, рухани кескін-келбетін жақсы түсінген Ыбырай Алтынсарин тәуелсіздікті нығайтатын даңғыл жол оқу-білімге иек арту деп түсініп, «Кел балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» сияқты өлеңдерінде ғылым-білімді дамытуды насихаттайды. Оқу-білімді дамытудағы кедергілерді сынға алады. Білім, ғылым игеруді ол қазақтың ұлттық мүддесімен, тәуелсіздік рухымен байланыстыра өрбітеді. Қанша уақыт өтсе де оның ағарту және қоғам мәселелерін қарастырған еңбектерінде айтылған ой-пікірлер өзінің құндылығын әлі күнге жойған

жоқ. Кейбір зерттеушілердің айтып, жазып жүргеніндей Ыбырай дінге қарсы болмаған. Анығында, ол татар және Бұхарадан келген моллалар насихатының ұлттық мүддеге қайшы тұстарына ғана қарсы болған. Н.И.Ильминскийге жазған хатында татар және Бұхара моллаларынан оқыған жастардың діни білімі өте төмен, шала сауатты, әрі басқа дін өкілдеріне өшпенділікпен қарайтын болып шығады деп көрсетеді. Мұндай дүмше моллалардың ақыл-парасаттан ада, кісіліктен құралақан келетіндігін қатты сынады. Ыбырай «... мұнымен, оқушылар мектебінің келешегін ғана емес, онымен қабат жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой!» [5, 189], – дейді. Бұдан Ыбырайдың халқының болашағына алаңдағанын көреміз. Келешекте ел тізгінін ұстар жастар-дың білімді, өнерлі болып өсуін, ұлттық болмысын жоғалтып алмауын қалайды. Халық ұрпағымен мәңгі жасайтынын ескерсек, онда Ыбырайдың айтпағы жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру керек дегенге саяды. Халқының өзіндік мәдениеті дамуын аңсайды, тілінің бөтен тілмен шұбарланбай таза болғанын тілейді. «Моллалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр» деп реніш білдіреді. Тіл тазалығына, оның бөтен, былғаныш сөздермен шұбарланбауына қатты мән берген. Халықтың мәңгі өмір сүруінің кепілі тілде екенін ұғынған Ыбырайдың пікірі бүгінде өзекті. Тіл туралы Ыбырайдың жасаған түйіндеулері бүгінгі күннің өзекті мәселерімен үндеседі. Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Сол себепті, ол толғаған ұлттық мәселелердің түйіні мәңгі ел болудың кепілі.

Абай қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси және территориялық тұтастығынан айрылған тұсында өмір сүрді. «Бөліп ал да, билей бер» саясаты туындатқан қоғамдық ахуал Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп аталатын өлеңінен жақсы байқалды. Қалың елі – қазағының қамын ойлап егілді, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы қоғамды түзетуді ойлады. Абай заманында қазақтың ұлттық идеясы сапалық тұрғыдан жетіліп, уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширеңдеп, нығая түсті. Абай тағылымы, оның ұсынған елді біріктіруші рухани күш-ұлттық идеясы қазақ елін тың серпіліске бастап, келешек ұрпақты ізгі ниеттерге жетелеп, ұлттық сезімін күшейте түсті. Ұлттық идеяның алғышарттары Абайдың рухани әлемін негіздейтін көркем туындыларында да аз емес. Адам мен қоғамның қатынасын реттеудегі негізгі өлшем – Абай дүниетанымында мол. Ұлттық рухани құндылықтың басқа да элементтері осы Абай дүниетанымының айналасында өрбиді. Ел мен жер тағдырына, адам болмысының табиғатына сын көзбен қараған Абайдың рухани әлемі «ұлт идеясын» қалыптастыруға ерекше қызмет етті. Мағжан шығармаларының ұлтқа қызмет етуі мен түрікшілдікті насихаттаған идеялары Абай дүниетанымында жатыр. «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Түркістан», «Жер жүзіне» өлеңдерінің идеялық-мазмұны отаршылдыққа қарсы күрес дәуірі болған ояну жылдарының жалынды жыры. Міне, осындай ұлттық дүниетанымынан туған өлеңдер ақын санасының өсуімен, тәуелсіздік идеясымен тікелей байланысты болды. Отаршылдыққа наразылық идеясына толы өлеңдері жаңа саяси-қоғамдық мазмұн иеленді. Оның ақындық болмысы ұлт-азаттық идеяны көркем бейнелеуге бейім болды. Сол себепті, ол тарих тереңіне үңіліп, түрікшілдікті насихаттады. Бұл бағыт – қазіргі таңда түркі халықтарына ортақ идея ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен, көне түркілерден бастау алған мәңгілік ел идеясы Мағжан шығармашылығы арқылы қайта жаңғырып, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Тәуелсіздік, мәңгілік ел мәселелері Ахмет, Міржақыптардың шығармашылығының алтын арқауы болды. Олардың дүниетанымында тәуелсіздікке ұмтылған, мәңгілік елді орнатуға деген құштарлық жатты. Елдің ертеңінің жарқын, еркіндігі мен бақытының баянды болғанын армандап өтті. Елдің тәуелсіздігін жырлаудан туған рухты ойпікірлері Абай дүниетанымымен үндестік тауып, ұлттық идеология дережесінде көтерілді. «Оян, қазақ!», «Маса» өлеңдер жинағы ұлттық рух пен ұлттық сананың қайта жаңғыруына айрықша әсер етті. Ақыл-ойға сәуле түсіріп, халықтың рухын оятқан бұл шығармалардың маңызы ерекше болды. *Тәуелсіздік үшін күреске үндеу, ұлттық сананы ояту, сонымен қатар туған халқының тағдырындағы қиындықтар мен ауыртпалықтардың сырына үңіліп, оның әлеуметтік тамырын әшкерелеуді мақсат еткен шығармалар өзінің идеялық-тақырыптық сипатын бүгін де жойған жоқ.*

Міржақып:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты.

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

*Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты.*

Ахмет: Кей істің шарты құрбанмен

Болмас, қорқып тұрғанмен

Осы тұста ұлттың санасын қоғамдық-саяси жайттарға аудару, бұғауға түскен елді азаттық үшін күреске үндейтін шығармалар қажет екенін алаш арыстары жете түсінді. Сол себепті, олар халқын ашық күреске шақырды. Тәуелсіз ел болу идеясы олардың өлмес рухын дәлелдеді. Олардың ақындық құдырет-күші елдіктің, тәуелсіздіктің ұлы рухы болуында. Тәуелсіздік үшін күреске үндеген шығармалары осы тұста әдебиетте ұлт-азаттық идеясын орнықтырды. Осы тұрғыдан келгенде, содан туындайтын саяси-азаттық лирика қалыптасты десек орынды болмақ. Бұл идея мәңгілікке жалғасын тауып, жаңғырып отыратыны ақиқат. Елбасы, ҚР-ның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры» [6,76], – деген еді. Қорыта айтқанда, Күлтегін, Тоныкөктер негіздеп қалыптастырған «Мәңгілік ел» идеясы ақын-жыраулардың өлең-толғауларында жалғасын тауып, ұлы Абайдың көркемдік әлемімен үндесіп, одан әрі алаш арыстарының шығармашылығына ұласып, осылайша, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Елінің дербестігі мен территориялық тұтастығын аңсаған мәңгілік ел идеясы бүгінде жүзеге асты. Ал, бұл идеяны ұстану ұлттық тұтастыққа шақырып, мәңгі тәуелсіз ел болуға үндейді. Демек, мәңгілік ел идеясы – бүгінгі қазақстанның басты идеяларының бірі болуы тиіс. Сол себепті, ол халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. **Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н., Кара А. Қабылдинов З.Е.** Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі. Ұжымдық монография. – Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 404
2. **Күлтегін, Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары** (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли.) – Алматы, «Өлке», 2001. – 144 б.
3. **Егеубаев А.** Кісілік кітабы. Монграфия. – Алматы, «Жазушы», 1998. – 228 б.
4. **Ысмайлов Е.** Ақындар. Монграфия. – Алматы, «Жазушы», 1956. – 256б.
5. **Сүйіншәлиев Х.** ХІХ ғасыр әдебиеті. – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 360б.
6. **Назарбаев Н. Ә.** Тарих толқынында. – Алматы, «Жібек жолы», 2011, – 232 б